

2017-2018 оқу жылының қыркүйек айының 21 жүлдөзинде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жолдауды орындау және «Үш тұғырлы тіл» саясатын насиҳаттау мақсатында **«Мәңгілік ел-мәңгілік тіл» атты іс-шара өтті.**

2017-2018 оқу жылында Талдықорған агротехникалық колледжінде бекітілген жоспар бойынша «қазақ тілі, орыс тілі және шет тілдері» пәндер кафедрасында қыркүйек айында **«Мәңгілік ел-мәңгілік тіл» атты іс-шараны өткіздік.**

Мақсаты: Тәуелсіз елімізде өмір сүріп отырған түрлі ұлт өкілдері арасындағы достық пен бірлікті нығайту барысында мемлекеттік тілге құрмет сезімдерін қалыптастыру, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Үш тұғырлы тіл» саясатын насиҳаттау.

Оқу ісін тәрбие жұмысымен ұштастыру мақсатында қазіргі жаһандану заманындағы үрпақ тәрбиесі бүгінгі күннің күрделі мәселелерінің бірі, үлкен жауапкершілікті жан-жақты талап ететін үрдіс. Бүгінгі қоғамға лайықты азаматтарды ынтымағы жарасқан көп ұлтты мемлекетіміздің болашағы болар жас жеткіншектерге тәуелсіз елімізде өмір сүріп отырған түрлі ұлт өкілдері арасындағы достық пен бірлікті нығайту барысында мемлекеттік тілге құрмет сезімдеріне баулып, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Үш тұғырлы тіл» саясатын насиҳаттап, **«Мәңгілік ел-мәңгілік тіл»** тақырыбындағы ашық тәрбие сағатын өткіздік. Н.Назарбаевтың 1998 жылғы 20-қантардағы жарлығына сәйкес 22-қыркүйек Қазақстан халықтарының тілдері күні болып аталатынын айта келе, ұлт пен ұлтты жақындастырап тіл құдіреті туралы мағлұмат берілді. Тәрбие сағаты үш тілде жүргізіліп, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жолдауының тарауларына әр студент мағлұмат беріп, эмблемасын есте қалдыру мақсатында бейнесін құрап көрсетті.



Ақындардың қалам тартып, толғап жазған тіл туралы шығармалары мен шырқалған әндері де үш тілде орындалды,



сондай-ақ «**Үш тұғырлы тіл-заман талабы**» тақырыбында бейнефильм көрсетілді. Сонымен қатар, Қазақстан көпұлтты мемлекет екендігін көрсету мақсатында ұлтаралық татуулық пен тұрақтылықтың феномені – Қазақстан халықтары Ассамблеясының бір шаңырақ астындағы ұлт өкілдерінің ерекшеліктерін көрсетті.




Тәрбие сағатын өткізу арқылы студенттердің жүргегіне өз ұлтының тілін, дінін біле отырып, өзге ұлттың рухани байлығын сыйлауға, басым көңіл бөлінді.



29.09.2017ж. Алматы облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы «Алматы облысының жастар ресурстық орталығы» КММ филиалы «Талдықорған қаласының жастар ресурстық орталығы», «Жас Отан» ЖҚ үйымдастыруымен сағыт 10:30-де, Талдықорған қаласы, Жастар қызмет көрсете оталығында 1 қазан қарттар құніне орай «Қарттарым асыл – қазынам» атты тыл еңбек ардагерлерімен «Болашақ жастар» үйимы кездесуін өткізді.



«Ауған, сөнген шоқ, өшкен арман, тек сенен Есте қалған...» атты ауған соғысының ардагерлерімен кездесу тәрбие сағаты.



Мақсаты:

Білімділігі: Ауған соғысының тарихи мағынасын ашып, студенттерге түсіндіру. “Ауған соғысы” жайлы тереңірек біліп тану, соғыс ардагерлері туралы мәлімет алу.

Дамытушылық: Тарихи деректердің маңыздысын аша білуге және материалдарды диалектикалық түрғыдан талдай білуге дағдыландыру.

Тәрбиелік: Ауған соғысының ардагерлерін құрметтеу, жас үрпақтың патриоттық сезімдерін оятып, Отан үшін отқа түсіп қыршынынан қылған, жат жерде көз жүмған Қазақстан азаматтарын еске алу, жауынгерлердің қысқа ғұмырынан үлгі-өнеге, тарихи тағылым беру, студенттерді елжандылыққа, отансүйгіштікке, ізгілікке баули отырып тәрбие беру.

Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.



Отkenін ескермен өshedі,

Отkenін қастерлеген өседі,- демекші, берер тәлімі мол тарихтың тірі
куәгерлері бүгін біздің ортамызда!

- 1979 жылы желтоқсан айында Кеңес үкіметінің ұйғаруымен Ауғанстан жеріне Кеңес
әскерлерін енгізу туралы шешім қабылданды. Соғыс–зұлымдық. Жазықсыз төгілген қан.

Тарих жылнамасынан өзінің қаралы, нәубет жылдарымен орын алған зұлматтың бірі– Ауған соғысы.



Ауған соғысы 1979 жылдың 27 желтоқсанында КСРО қарулы күштерінің Ауғанстанға басып кіріп, оның ішкі істеріне қол сұғуы салдарынан тұтанған соғыс. Соны аяқталмас соғысқа ұласқан бұл қасіret елдің тек өз ішінде ғана емес оған сырт мемлекеттердің қатысуымен ұзаққа созылды.

Жаулардан қарсы келген жасқанбаған
Жасаған ерлігіне мастанбаған.
Үрпаққа өмір жолың өнеге боп,
Тарихта ардагерлер асқан бағаң – деп батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен
жерлестеріміз біздің ортамызда. Бұгінгі тәрбие сағатымыздың қонақтарымен таныс
болыныздар! Ауған соғысы ардагерлері үйымының мүшелері:

1. Омаров Амангелді Жұмаханұлы
2. Айнеков Марат Сейітайұлы
3. Ермаганбет Серік Дәріұлы



1





«Ерлік - жан дүниенің ұлы қасиеті» деген еken бір дана қария. Өмірінің өлшеулі бір бөлігі, жауқазын жастық шағының сұбелі үлесін оқ пен от астында өткізіп, тағдырдың жауызымен елге аман – сау оралып, туған жерімен қауышқан майдангер ағаларымызбен кездесіп, бүгінгідей сұхбат жүргізу – біз үшін бір ғанибет. Уақыт пен тарихтың мәнгі жадында қалған оқигаларды өз басынан өткерген ағаларымыздың айтары да, бізге берер тәлімі де мол. Ендеше, сез кезегі өздерінізде, құрметті қонақтар!



Ерлік -елдің туы. Ер қуаты- қару болса, ел- қуаты батырлары, сақадай сарбаздары мен сардарлары. Халық қашанда қаһарман ұлдарын пана тұтқан. Отан үшін құрес, ерге тиғен үлес. Халықтың осы даналығы қайда жүрсек те, қашанда жүрек дәптерінде, сана сахнасында сақтаулы жүрсе, қазақ баласы азаматтық парызын адаптацияуда ұмытпас. Ауган қаһармандарын қадірлеп, құрметтеп, рух жасампаздығымен жаңартайық.



Сонау Ауган жерінде қару асынып мұн арқалаған сын сағаттарда бірін - бірі бауыр дескен азаматтар бүгінгі таңда еліміздің тұқпір-тұқпірінде еңбек етуде. Құрметті ардагер-ағалар, уақыт тауып келгендеріңізге рахмет! Сіздерге ұзак ғұмыр, денсаулық, жанұяларыңызға бақыт тілейміз! Аспанымыз ашық болсын, бейбіт өмір жасай берсін!



«Язык сближает народы», в поддержку программы Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

27.09.2017. В Талдыкорганском агротехническом колледже преподавателями кафедры русского языка прошло открытое внеклассное мероприятие «Язык сближает народы», посвященное в поддержку реализации программы Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». Этот праздник является призывом к миру и дружбе всех народов необъятной нашей Родины. В колледже воспитательная работа ведется на основе проекта «Рухани жангыру». Связывая историческое прошлое с современностью, мы строим гармоничное будущее.



Гостями мероприятия были приглашены представители национальных диаспор Дома дружбы: Ибрагимова Асет Магамедовна, Спирчинко Юлия Станиславовна, Гайтова Светлана Зунуновна.

Целью проведенного мероприятия является:
привитие интереса к знанию государственного языка,
формирование патриотизма через изучение культурного наследия народа;
формирование стремления к овладению казахского, русского и английского языков;
изучение традиций и обычаяев народов, населяющих территорию Казахстана;
Воспитание уважения и желания изучать, знать языки.

«Сегодня мы должны приступить к более масштабной и фундаментальной работе. Поэтому я решил поделиться своим видением того, как нам вместе сделать шаг навстречу будущему, изменить общественное сознание, чтобы стать единой Нацией сильных и ответственных людей»- словами президента страны началось данное мероприятие. Выделили 14 основных пункта, которые должны осуществиться, чтобы сделать казахстанский народ сильной и единой нацией.

- В-1.** Сделать шаг навстречу будущему.
- З-2.** Сохранить свою культуру, собственный национальный код.
- Г-3.** Соединить горизонты прошлого, настоящего и будущего народа.

Л-4. Нация имеет шанс на успех только развивая свою конкурентоспособность.

Я-5. Сохранить уникальный экологически правильный уклад жизни.

Д-6. Реализм и прагматизм – вот лозунг ближайших десятилетий.

В-7. Сохранение национальной идентичности.

Б-8. Образование – самый фундаментальный фактор успеха в будущем.

У-9. Эволюционное, а не революционное развитие Казахстана.

Д-10. Перенимать чужой опыт, учиться у других.

У-11. Переход на латиницу – глубокая историческая логика.

Щ-12. Отношение к родной земле – это культурно-генетический код любой нации.

Е-13. История наших современников – это «100 новых лиц Казахстана».

Е-14. Государство и нация – живой развивающийся организм.

Также студенты колледжа поддержали переход Казахстана на латиницу, так как уже многие страны пользуются этим алфавитом и уже конкурентоспособны на рынке труда. В поддержку этого они составили выражение Рухани жаңғыру на латинице:



RUHANI JANGIRY

Стихи известных поэтов о языке прочитали обучающиеся 1 курсов.



Программа трехъязычия в Казахстане дает возможность изучать не только русский и казахский языки, но и английский язык. Подтверждением тому, студентки 1 курсов на английском языке читали стихи и исполнили песню о Родине.



Главной пропагандой данного мероприятия было, что надо знать свой язык и уважать языки и традиции других народов. Ведь с этого начинается Дружба и взаимопонимание в мире.



Исполнялись песни и танцы разных народов, которые проживают на территории нашей необъятной страны. Гости вечера тоже продемонстрировали свои таланты, исполнив песню «Гаухартас» в исполнении Спирчинко Юлии Станиславовны и уйгурский танец в исполнении Гайтовой Светланы Зунуновны. Они рассказали детям историю возрождения Ассамблеи народов Казахстана.



Что благодаря этому, мы живем все как одна большая семья. В финале мероприятия прозвучала песня «Родина моя», слова которой призывают нас быть Большой Единой нацией.

Бұғынгі, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жолдауындағы еліміздің жаңа тарихи кезеңге аяқ басуы аясындағы, Қазақстанға деген патриоттық сезімі жоғары, өзі түлеп ұшқан оқу орнын ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялды қауым өкілдері мен жастарды құрметтеп, колледж мұражайының қорын байыту және түлектер алеясын қөгалдандыру мақсатында колледж тәрбие жүйесі мен өлкетану пән оқытушылары ұйымдастырып отырған, «Болашағымның баспалдағы» тақырыбындағы кездесу өтті.



Бұғін міне есте мәңгі сақтар күн,
Алып ұшқан түйініндей хаттардың.
Түлектерге қимас сезім сыйлаған
Куәсіндей студенттік шақтардың.

Ыстық мекен, алтын ұя-колледжім.
Сен арқылы білім алып көктедім.
Өзің берген күш-қуаттан нәр алған
бұгінгі қонақтар және ұстаздар!





Біз әлі жаңарамыз, өзгереміз,
Біліммен мыңдал кәсіп менгереміз.
Болашақ мамандарды дайындај жүріп,
Рухани жаңғыруды игерміз.

Иә, жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сұру үшін өзгере білуіміз керек. Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріне, білім нәрімен сусындаған ортаңа, өскен ауылыша, қалаң мен өңіріне, яғни туған жеріне деген сүйіспеншіліктен басталады.



Еліміз жаңа кезеңге аяқ басты. ҚР Прейиденті Н.Ә. Назарбаев жыл басындағы халыққа Жолдауында, **Таяу жылдарда мынадай міндеттерді қабылдады**

Латын әліпіне көшу
Туған жерге туынды тік
100 жаңа есім
Сананың ашықтығы
Ұлттық бірегейлікті сақтау
Білімнің салтанат құруы
Эволюциялық даму
Прогматизм
Конфессияаралық келісім
Үш тілде білім беру
Цифрлы Қазақстан
Бәсекелік қабілет
XXI ғасырдағы ұлттық сана

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Н.Ә.Назарбаев

Білім мен өнерді сүй, сусында,

Деп айтсын ел: «Осындай ер тузын да!»

Арың – адал, әділ болсаң әрқашан



Ұрпаққа кезеңімен білім берген,
Алтын ұя колледжім ғой елім сенген.
Сол ұядан білім алып, қанаттанып,
Осы өмірге аттанған талай түлек.

Әр жыл сайын колледжден түлеп ұшқан шәкірттер ұстаз еңбегін ақтап, аға буын салған сара жолды абыроймен жалғастырып, қандай сала болмасын, өз істерінің қас шеберлері ретінде танылып, ерен еңбектерімен еліне елеулі, халқына қалаулы болған біздің колледж түлектері аз емес. Бұл тек колледждің ғана емес, Тәуелсіз Қазақстанның мақтанышына айналыуының өзі біз үшін биік мәртебе, ең үлкен қуаныш!

Ұрпағың мақтануға болса лайық,
Біз бүгін мақтанайық жар салайық.
Арнайы бүгін келген түлектерге
Қошеметтеп бәріміз қол соғайық!
Көтеріп жүктің салмағын,
Жолында өмір талмадың.
Мерейің қандай шуақты,
Ұстазым – асыл арманым!
Есімде мәңгі қалдың да,
Жүректе ән боп жандың ба?
Есейіп бүгін кетсек те,
Шәкіртпіз ұстаз алдында.

Алтын ұя, құт мекенім колледжім,
Ұстаздарым, білім алған тірегім.
Көп жыл бұрын білім алған өзіңнен,

Кездесуге келді міне түлегің - дей келе, бүгінгі кездесу кешімізге келген түлектерімізді сахна төріне шақырамыз.

1986 жылғы колледж түлегі, ТОО «Сайман» жеке шаруашылығының директоры - Тұрысбеков Асхат Тұяқбайұлы;



жылғы колледж түлегі, «Талдықорған қаласының ауылшаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы - Жамаубаев Нұрлан Қайдарұлы; 2007 жылғы колледж түлегі, Алматы облысы әкімі баспасөз қызметінің бас маманы - Ожаров Қуаныш Саматұлы;



2008 жылғы колледж түлегі, Алматы облыстық Бикен Римова атындағы драма театры директорының орынбасары - Оханов Жайық Тазабекұлы
Қыр-сырын оқып даламның
Ұлылығын ұғып бабамның
Өмірдің сезіп тереңін
Өзінен ұшқан қыяға



Үш жыл, үш жазың, үш көктем,
Үш жыл осы шақты жырлап өткем.
Үш жыл-жатыр сонда бар тағдырым,
Қас-қағым болғандай-ақ зырлап өткен
студенттік жылдарыңызға оралайқ.



1



Бойыма алаулатып күш-жалынды,
Өмірге ұмтылдырған құштарымды.
Кеудене білім сырын құйып берген,
Ұмытпа осы жерден үшқанынды.



Міне, бұғінгі кешіміздің аяқталу сәті. Осы киелі де қасиетті алтын үя колледжден жыл сайын қанат қақкан түлектер үшін **колледж** деген ұғым әрқашан қастерлі, киелі болып естіледі. Сіздерді құшақ жая қарсы алатын алтын үяларыңыздың бар екенін әрдайым естен шығарманыздар!



Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру мақаласын жүзеге асыру, Ұлттық бірегейлікті сақтау аясында, ұлттық салт- дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз,

әдебиетіміз жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымызды жастардың бойында мәңгі қалдыруға, студенттердің танымдылық көз қарасын ой- өрісін, дүниетанымын кеңейту, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру барысында I. Джансугуровтың мұражайына экскупсияға 122 топ студенттері мен әлеуметтік пәндер кафедра оқытушысы Мухаметова Т.Т барып қайтты.



**Талдықорған агротехникалық колледжінің
«Ветеринария» бөлімінің 153 топ студенттерімен
Талдықорған қаласындағы облыстық М.Тынышбаев атындағы тарихи
- өлкетану мұражайына саяхат сабак**

Мақсатым: «Өткенді айтпай, болашақ жоқ» демекші, адамзаттың өткені мен өшкенін жаңғырту, тарихын ұлықтау, өскелен ұрпаққа таныстыру мақсатында ұйымдастырылатын мәдениет пен тарихтың негізгі орталарының бірі – мұражайлар. Мұражай туралы мәлімет беру, студенттердің тілін, ой – өрісін дамыту, сөздік қорларын молайту, әдемі көркем жазуға дағдыландыру, пәнге деген сүйіспеншілігін арттыру, мұражайлар туралы кеңінен білуге тәрбиелеу.



Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру мақаласын жүзеге асыру барысында колледже 291 топ жетекшісі Л.И.Сыртаева және 251 топ жетекшісі Әльсейтова Ж.Ш ұйымдастырумнен

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ!»

дөңгелек үстел өтті.

**Мемлекет басшысының
«Болашаққа бағдар: рухани
жаңғыру» атты мақаласынан:**

Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ
басты. Мен жыл басындағы
халыққа Жолдауымда
Қазақстаның ушінші жаңғыруы
басталғанын жарияладым.
Осылайша, біз қайта түлеудің
айрықша маңызды екі процесі –
саяси реформа мен экономикалық
жаңғыруды қолға алдык.
Біздің мақсатымыз айын,
багыттың белгілі, ол – әлемдегі
ең дамыған 30 елдің қатарына
қосылу.

Нұрсұлтан

**РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ**

**БІЗ ХХІ ФАСЫРДЫҢ
ЖАҢАНДЫҚ КАРТАСЫНДА**
ешкімге үксамайтын, дербес орны бар
ҰЛТ БОЛАМАЙ ЗДЕСЕК, ӘЛЕМ БІЗДІ
мәдени жетістіктерімізбен тануы керек
Н.Ә.Назарбаев

Мақсаты: Рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту; студенттердің бойында ұлттық сананы ояту, жас үрпақ санасына, туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру.



Өйткені, болашақ - жастардың қолында. Қоғамдық сананы жаңғырудың басты басымдығы ұлттымыздың жаһандық қоғамдастықта бәсекеге қабілетті болуы екендігі сөзсіз. Бұл ретте өзіміздің бірегейлігімізді, құндылықтарымыз берілдік деңгелескенде қарастырылады. Отаныңды сүймей салт-дәстүрінді сақтай алмайтындығынды да жете түсінген жөн», - дей келе бүгінгі ұйымдастырылған дәңгелек үстелімізге өз пікірлерін жастар арасында бөлісу мақсатында «Нұр Отан»ХДП-ның есеп және аудит секторының менгерушісі

Құлымбаева Қарлыға Ныққалиқызы ,Алматы облысы Жастар ресурстық орталығының маманы Айтжанова Ақмарал Маратқызы қатысты.



2 Аталмыш мақала Кіріспе, қорытынды және екі бөлімнен тұрады.

1-бөлім, 21-ші ғасырдағы ұлттық сана туралы.

2-бөлім, таяу жылдардағы міндеттер

1. Бәсекелік қабілет

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттыrsa ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады.

2. Прагматизм

Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта тұлетуіміз керек.

Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығынды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағынды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердендікке жол бермеу деген сөз.

3. Ұлттық бірегейлікті сақтау

Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз,

жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуга тиіс.

4. Білімнің салтанат құруы

Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет.

Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінүі керек. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы

Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа-эволюциялық дамуғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізеді.

6. Сананың ашықтығы

Біріншіден, адам жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, Ол жаңа технологияның ағыны алыш келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз.

Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алыш, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі.



Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат - мұдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр.



«Экономикалық және бухгалтерлік пәндер» кафедрасының онкүндігі аясында Алматы облыстық «Атамекен» Үлттық кәсіпкерлер палатасының ғимаратында «Кәсіпкерлік: мәні, мазмұны мен қалыптасу шарттары» атты дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстел өткізу мақсаты - қазіргі кезде жастарды кәсіпкерлікке ерте жастан бейімдеп, экономикалық сауаттылықтарын арттырып, жеке іскерлік дағдыларын қалыптастырып, кәсіпкерлік қызметке бағыттау. Үлттық кәсіпкерлер палата мамандырмен кездесіп, сұхбат жүргізілді. Алматы облысының Үлттық Кәсіпкерлер Палатасының директорының әлеуметтік мәселелері бойынша орынбасары Алмагуль Шегеевна Онгарбаева өз сөзінде студенттерге алдағы өмірде белгілі кәсіпкер болуларына тілек білдірді.



«Атамекен» Үлттық кәсіпкерлер палатасының Талдықорған қаласының кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының мемлекеттік сатып алу жөнінен маманы Арлан Алимбаев жас мамандарға мемлекеттің жас кәсіпкерлерге ұсынатын бағдарламасы, ол бағдарламаға қатысу үшін қандай бағыт тандау қажет екенің, тиімді жақтары мен мемлекет тарапынан қайтарымсыз қаржыландырылатынын атап өтті. Еліміз бен мемлекетіміздің дамуына келешек ұрпақ үлкен үлес қосады деген сеніммен дөңгелек үстел өз мақсатына жетті.



